

Панфилов ауданы бойынша 2009 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмыстар туралы

Алматы облысы Панфилов аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 21 қаңтардағы N 41 қаулысы. Алматы облысы әділет департаменті Панфилов ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 27 ақпанда N 2-16-80 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Панфилов ауданы бойынша 2009 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмыстардың түрлері, ұйымдардың тізбелері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және қаржыландыру көздері (қосымшаға сәйкес) б е к і т і л с і н .

2. Қоғамдық жұмыстар аудандық қаржы бөлімімен жергілікті бюджетте қаралған, бекітілген қаржы мөлшерінде және жұмыс берушілердің өтінімі бойынша солардың қ а р а ж а т ы е с е б і н е н т ө л е н е д і .

3. Панфилов ауданының әкімдігінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы "Панфилов ауданы бойынша 2008 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмыстар туралы" N 20 (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2008 жылғы 27 ақпанда N 2-16-56 болып тіркелген, 2008 жылғы 12 сәуірде N 15 "Жаркент өңірі" газетінде жарияланған) қаулының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары А.А. Р а е в қ а жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Келемсейіт.

Панфилов	ауданының	әкімдігінің
2009	жылғы	21
"Панфилов	ауданы	бойынша
2009	жылға	арналған
ақылы	қоғамдық	жұмыстар
туралы"	N	41
қосымша		қаулысына

Панфилов ауданы бойынша 2009 жылға жұмыссыз азаматтарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері, ұйымдардың тізбелері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және қаржыландыру көздері

Р/с	Жұмыс берушілер	Жұмыс түрі	Қатысушылар саны (адам)	Жұмыс уақыты (ай)	Айлық есептік көрсеткіш (мың теңге)	Қаржыландыру көзі (мың теңге)
1	Жаркент, Айдарлы, Бірлік, Көктал, Қоңырөлен, Сарыбел, Пенжім, Үлкенәғаш, Шолақай, Үшарал, Үлкеншыған Басқұншы, Талды, Жаскент қала, округ әкімдері ауыл	<p>1. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық ұйымдарына көмек көрсету (қала және ауыл мекендерін тазалауға көмек көрсету);</p> <p>2. Өңірді экологиялық сауықтыру (аумақтарды көгалдандыру, көріктендіру, орман парк шаруашылығын сақтау мен дамыту);</p> <p>3. Жол жөндеу жұмыстары;</p> <p>4. Суландыру жұмыстарын жүргізу;</p> <p>5. Құрылыс жөндеу жұмыстары;</p> <p>6. Су ағатын арықтарды тазалау;</p> <p>7. Көшеттер отырғызу және оларды күту;</p> <p>8. Шаруашылық кітаптарды толтыруға көмектесу;</p> <p>9. Атаулы әлеуметтік көмекті және 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы алушылардың құжаттарын қабылдауға көмек көрсету;</p> <p>10. Тарихи-сәулеттік ескерткіштерді және қорықтық</p>	645	3	13,470	

		аймақтарды қалпына келтіруге көмек;				Жергілік ті бюджеттен 26064,0
2	Панфилов аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі	Өңірде қоғамдық науқандарды өткізуге қатысу (әскерге шақыру на уқанына қатысу);	12	3	13,470	Жергілік ті бюджеттен 485,0
3	Панфилов аудандық кітапхана	Кітап қорын қалпына келтіру	6	3	13,470	Жергілік ті бюджеттен 242,0
4	"Алматы облысының мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік мекемесі	Архив материалдарын қалпына келтіруге көмектесу	10	2	13,470	Жергілік ті бюджеттен 270,0
5	Жаркент қалалық мүгедектер қоғамы	1. Әлеуметтік көмектер (жалғыз басты қарттарға, мүгедектерге көмек көрсету) (әлеуметтік жоба); 2. Тұрмысы төмен отбасыларындағы балалармен жұмыс істеу (аула маңындағы балалар клубын ұйымдастыру) (әлеуметтік жоба); 3. Хат тағы басқаларды адресаттарға апарып беру; 4. Ұлы Отан Соғысы ардагерлері тұрғын үй жөндеу жұмыстарын жүргізуге көмек ("Рақымшылық" әлеуметтік жоба); 5. Бірінші, екінші топтағы мүгедектермен жұмыс жүргізу (әлеуметтік жоба); 6. Әлеуметтік көмектер (мүгедек балаларға көмек көрсету) (әлеуметтік жоба); 7. Мектеп оқушыларына арналған аула маңындағы қызығушылық клубы (әлеуметтік жоба);	30	2,4	13,470	Жергілік ті бюджеттен 970,0

6	Панфилов аудандық Ауғаныстан соғысының мүгедектерінің ті қоғамы ерік	1. Халықтың әлеуметтік әлсіз тобына (тұрмысы нашар жанұядағы жасөспірімдер) бағытталған шараларды жүзеге асыру (әлеуметтік жоба); 2. Футбол клубын ұйымдастыру (әлеуметтік жоба);	15	5	13,470	Жергілік ті бюджеттен 1010,0
7	Панфилов аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	1. Мәдени және спорттық қызметтің көлемді шараларын (спорттық жарыстар, фестивальдар, әр түрлі мейрамдар өткізу) ұйымдастыруға көмектесу;	2	2	13,470	Жергілік ті бюджеттен 54,0
Барлығы			720			29095,0